



ШЕШІМ

30.09.2022

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

234/32-VII

№

город Астана

**Астана қаласы мәслихатының
заңдылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
есебі туралы**

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) 2021 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдап және талқылап, қалалық мәслихат сессиясы Тұрақты комиссияның өкілеттігін іске асыру «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Жарлығы мен бекітілген Мәслихаттың үлгі регламентіне сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтеді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2021 жылғы есебі назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

Тұрақты комиссияның ұсынымдарының уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету;

елорда аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты күшейту ұсынылсын.

3. Тұрақты комиссия өз құзыреті шегінде өз қызметінің бағыты бойынша тиімді жұмысты жүргізуді жалғастырсын және қамтамасыз етсін.

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов